

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде жасалған, ерте жас тобының 2024 - 2025 оқу жылына арналған жазғы сауықтыру кешенінің перспективалық жоспары.

Білім беру ұйымы: ЖШС «Гүлсамал» бөбекжай балабақшасы
Топ: «Бәйтерек» ересек тобы
Балалардың жасы: 4 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 2023-2024 оқу жылы
Мақсаты:

- жас мезгіліндегі балалардың денсаулығын нығайтуда эмоционалды, тұлғалық, танымдық дағдысын қалыптастыруда үлкендердің, ата-ана, қызметкерлердің өзара бірлескен жұмысы болып табылады.
- бала денсаулығын сақтау мен нығайту;
- табиғи факторды пайдалана отырып шынықтыру;
- жеке тұлғаны қалыптастыру, эстетикалық тәрбиені жетілдіру

Айы	Апта тақырыптары	Өткізілетін шаралардың атаулары	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
МАУСЫМ	1-апта (02.06-06.06) «Бақытты балалық шақ»	«Әрқашан күн сөнбесін!» «Менің әлемім» Кәусәр бұлақ «Мен елімнің Ұланымын!» Жас із кесушілер	Денешынықтыру	Дене мүшелері мен ағза жүйесін нығайтатын жаттығулармен таныстыру. Дене белсенділігі (танертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының пайдасы туралы түсінік қалыптастыру. Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру.
	2-апта (09.06-13.06) «Жас із	Аңдар мен аңшылар	Көркемәдебиет	Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту,

кесушілер»	Мейірімді достарым Саялы бак Сыр сандық Сабын көпіршіктері күні Теңіздегі тіршілік Сүйкімді кірпі Табиғат аясында «Күн, ауа, су» ойын сауығы	Қоршаған ортамен таныстыру	балалардың пікірлерін тыңдау. Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алууды, естуді дамыту. Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.
	Бағдарлам күні Пайдалы және зиянды өсімдіктер Марғаудың үйшігі «Қауіпті заттар мен құралдар» Шебер қолдар		Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру, заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру. Өртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану, заттардың атқаратын қызметтерін түсіну, заттардың тобын білдіретін түсініктерді меңгеру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау. Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау: қоқысты жинау, бұтақтарды сындырмау, отпен ойнамау, жолға шықпау.
3-апта «Жаз да келді, көңілді (16.06-20.06)		Сурет салу	Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, дәстүрден тыс сурет салу дағдыларын дамыту.
		Мүсіндеу	Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көгеністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеу. Құммен әр түрлі бейнелерді жасау, жасаған бейнеге өз ойын айта білу
4-апта «Қауіпсіз жаз» (23.06-27.06)		Құрастыру	Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолдануға және құмнан өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу.
		Музыка	Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну. Өртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету. Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру.

Айы	Апта тақырыптары	Өткізілетін шаралардың атаулары	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
ШІЛДЕ	1-апта (30.06-04.07) «Гүлденген табиғат»	Табиғатты қорғайық Су әлемінде Ғажайыптар әлемі Менің достарым «Сүйікті қалам – Астана» Менің сүйікті кейіпкерім «Мерейлі отбасы»	Денешынықтыру	Негізгі қимыл түрлері: жүру, жүгіру, секіру, лақтыру мен қағып алу, еңбектеу мен өрмелеуді орындаудың қарапайым дағдыларын жетілдіру. Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын жүргізу, жағтығулар мен массаж жасау. Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу жағтығуларын жасау. Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану.
	2-апта (07.07-11.07) «Анам, әкем және мен – тату-тәтті отбасы»	«Анам, әкем және мен – тату-тәтті отбасы» Ұлттық ойындар Алтын сақа «Ұлы дала баласы» Жүгіреміз, зырлаймыз Спорттық ойындар күні Менің көңілді добым «Олимпиада алауы»	Көркемәлебиет	Кітаптардағы суреттерді өз бетінше, басқа балалармен бірге қарастырады; Көрген суреттері бойынша өз ойын айту; Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.
	3-апта «Жазғы		Қоршаған ортамен таныстыру	Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды дайындауға, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау. Қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау: терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау. Балаға ересектердің еңбек етуін бақылату және оларға көмектесуге, бірлесіп жұмыс істеуге тарту.

	сайыстар» (14.07-18.07)	Алтын балық Ойланайық, балақай! Гүлдер күні	Сурет салу	Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру.
	4-апта «Ойын ойнап ән салмай, өсер бала бола ма» (21.07-25.07)	Жәндіктер әлемі «Туған өлкем» Әдептілік – әдемілік	Мүсіндеу	бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету.
	5-апта «Менің достарым» (28.07 -01.08)	Достық күні Мейірімділік күні Түрлі-түсті кемпіркосақ күні	Құрастыру	Көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.
		Достық аллеясы		Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді орналастыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу. Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін қолдануға үйрету, бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар және әр түрлі бейнелерді құрастыру.
			Музыка	Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету. Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну.

Айы	Апта тақырыптары	Өткізілетін шаралардың атаулары	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
1-апта «Ас атасы – нан» (04.08-08.08)	2-апта «Мен және қоршаған орта» (11.08-15.08)	Алтын дән Нан - дастархан байлығы Нан болса ән де болады	Денешынықтыру	Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау. Адамның денсаулығына пайдалы (көгөністер, жемістер, сүт өнімдері) және зиянды тағамдар (тәттілер, бәліштер, тәтті газдалған сусындар) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.
		Егіс алқабында Жемістер мен көкөністер Менің нәзік достарым Менің адал достарым	Көркемәдебиет	Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету. Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту. Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету.
	3-апта «Өнер көзі халықта» (18.08-21.08)	«Саясында бау-бақтың...» Ханталапай Алуан-алуан кәсіп бар, тандай біл де, талап қыл! Қуыршақ театры Сөз асылы шешендік Алуан-алуан кейіпкер бар	Қоршаған ортамен таныстыру	Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды меңгеруіне ықпал ету. Балабақшада, үйде, көшеде тәртіп сақтауға баулу. Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру (амандасуға, қоштасуға, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету). Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау саңырауқұлақтар мен жидектерді жемеу, жануарларға тиіспеу, ойын алаңында және құммен, сумен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру - оларды ауызға алмау, құмды шашпау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау.
			Сурет салу	Бейнелейтін затқа өзінің қатысын, көңіл-күйін бере білуге баулу, бейнелеу түрлерімен және тәсілдерімен эксперимент жүргізу; Заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені

	«Балабақшам өз үйім» «Бір, екі, үш – бойға жинап күш» Менің Қазақстаным Конституция күні		олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) колдану.
4-апта «Ғажайыптар әлемінде» (24.08-28.08)		Мүсіндеу	Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.
		Құрастыру	Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнау.
		Музыка	Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету. Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді) байқауға үйрету. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбандап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады.